

appropriate designations - Petrovsky and Alakul itself. The early complexes are characterized by the appearance of large barrows with burials of chariot warriors, which were accompanied by burials of paired horses and related militaristic inventory. In the classical Alakul period, the cultural area expanded. The militarized context disappears. Barrows everywhere are replaced by numerous enclosures of various configurations. Society as a whole can be characterized as egalitarian, however, representatives of the cult sphere and families of prosperous pastoralists, who are more in demand in society in peacetime, apparently began to occupy a privileged position.

Key words: Alakul culture, Petrovsky stage, wheeled team, barrow, burials, grave goods.

Қыздарбеков Бірлік

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Энеолит тайпаларының этникалық тарихы

Аннотация: Мақалада андронов мәдениетін таратушы–арий, тур, хьон, сайрим, даха(даи) тайпаларының қандай этникалық топқа жататынын анықтау болып табылады. Сонымен қатар жергілікті энеолит (мыс-тас) тайпаларының әлемде алғаш болып, жергілікті мол мөлшерде кездесетін рудалардың- мыс пен қалайының негізінде, қоланы жасап шығарған тайпалардың түркі тілде сөйлегенін ғылыми оралымға енгізу туралы айтылады.

Кілт сөздер: андронов мәдениеті, қола дәуірі, энеолит, Арқайым

Андронов қорығындағы ең бір күрделі және үнемі даудамай тудыратын мәселе, ол андронов мәдениетін таратушы–арий, тур, хьон, сайрим, даха(даи) тайпаларының қандай этникалық топқа жататынын анықтау болып табылады.

Кенес тарихнамасында, Ұлы Далада европеоидтық бетпішіні бар үндіевропалықтар ғана тұрды деген пікір

калыптасқан. Күдіктенуге болмайтын бұл ұғым бойынша орыс-кеңес және отандық тарихшылар мен археологтар лингвистикалық, антропологиялық, жазбаша топонимиялық және ономастикалық деректерге сүйеніп евроцентризм идеясына сәйкес андронов тайпаларының үнді-ирандық және арийлық тіл тобына жатады деген болжамдарын ұсынады.

Бұның бұлтартпайтын дерек көзі емес, тек жалаң жорамал, болжам екенін ұмытпауымыз керек.

Алғашқылардың бірі болып бұл мезі болған ұғымды солтүстік-кавказ ғылымдары К. Лайпанов пен И. Мизиев сынға алып, андронов

Тайпаларының түркі тілдес екендігін дәлелдейді [Лайпанов, 1993].

2000 жылы, ғылыми журналдарда басылған тарихи-археологиялық материалдардың негізінде мен «Об этнической принадлежности племен эпохи бронзы на территории Казахстана» [Киздарбеков, 2000] атты ғылыми мақаламды жариялап қола ғасырында өмір сүрген тайпалардың тіпті энеолит тайпаларының түркі тіліне сөйлегенін дәлелдеуге талпыныс жасаған болатынмын.

Мақалада жергілікті энеолит (мыс-тас) тайпаларының әлемде алғаш болып, жергілікті мол мөлшерде кездесетін рудалардың- мыс пен қалайының негізінде, қоланы жасап шығарған тайпалардың түркі тілде сөйлегенін ғылыми оралымға енгізген болатынмын.

Венгр ғылымы, академик Бэрмен әйгілі А.Х. Марғұланның мәліметтеріне сүйеніп, көне тілдерде (көне грек, көне гот, көне еврей, санскрит тілдерінде) металлдың аты «жез» және «қалайы» деп аталуы, қоланы түркі тілдес тайпалардың ойлап шығарғанының куәсі екендігіне ешкім қарсылық көрсете алмас, деп санаймын. Міне жиырма жылдан астам уақыт өтті, менің көзқарасымды жоққа шығарған немесе қолдаған мақалалар шыққан жоқ.

Бұл нені көрсетеді? Ғалымдардың ата-бабаларымыздың өткенін білуге тырыспайтыны, немқұрайлығын, ықыласы жоқ екендігін, ұлтжандылықтарының, патриотизм сезімінің төменгі дәрежеде екендігін көрсетеді.

Менің мақаламда келтірілген мәлеметтерге сүйеніп, академиялық институтта ғылыми жұмыспен шұғылданатын ғалымдар, қола ғасырында қазақ жерін мекендеген тайпалардың түрк тілінде сөйлегенін жария етіп, олардың үнді-ирандық тілдің солтүстік-шығыс тармағында сөйлеген деген сандырақтарына жауап беріп, ауыздарын жабуға болар еді ғой. Құдайға шүкір, 2010 жылы шыққан «Қазақстан тарихының» 1 томында, андронов тайпаларының түркі тілдес екендігі туралы болжам ұсынылған, бірқатар зерттеулер пайда болды деп көрсетілген [Қазақстан тарихы..., 2010, 104 б.].

Шындап келсек, түркі ғалымдары, лингвистері дәлелдегендей түркі тілдес халықтардың ареалдары әлемнің түкпір-түкпірінде кездеседі. Соның ішінде Кіші Азияда, Батыс және Оңтүстік Сібірде, Шығыс Түркістанда (Солтүстік Қытай, Алтайда қазіргі Монғолия, Якутия, Тува) территориясында. Ол, ол ма тіпті Солтүстік Америка мен Австралияның көне тұрғындарының аборигендерінің сөз қорында ондаған жүздеген түркі сөздері кездеседі. Американың индеецтерінің тілдерінің түрік тілдерімен өте жақын екендігін алғаш рет ағылшын Джон Джосселин, неміс Фредерих Льюс Отто Рериг жазып кетсе, қазіргі кезде осы мәселемен татар ғалымдары, атап айтқанда, М. Арибжанов, А. Каримуллин және т.б. шұғылданады, өздерінің ғылыми мақалаларында олар суи, дакота, майя, кечуа, инкі тайпаларының сөздік қорындағы түркі сөздерін келтіреді.

XVII ғасырдың өзінде Джон Джосселин американдық индеецтердің тілінде түркі тілінен алынған кірме сөздер бар екендігіне назар аударады. Сиу халқының тілінде түркілерге ұқсаған толып жатқан сөздер кездеседі. Мәселен, «таң», «тану», «ата», «ене», «ақ», «сап-сары», «ап-пақ», «су», «ағады», «балдыз», «бай», «бояу», «бұрау», «мол», және т.б. Майя тілінде, «иас», «иасыл», «яш кун», «іш», «біл», «ике», «күш», «коол»-қол, «жылан», «аак» және т.б. [Каримуллин, 2004, бб. 21-84].

Австралия аборигендерінің сөздік қорында да ондаған, жүздеген түркі сөздері бар екендігі анықталды. Бұл феноменді қалай түсіндіруге болады? Бір-бірінен тым алшақта, әр түрлі материктерде орналасқан аймақтардың көне тұрғындарының

түркі тілінде сөйлеуі, сөздік қорындағы, тек түркілерге ғана тән сөдердің кездесуі, түркі тілдес халықтардың өте ертеде, ес білмейтін заманда өмір сүргенін көрсетеді. Тіл мамандарының арасында Америка мен Австралияға қоныс аудару, Азиядан Чукотка және Алеут аралдары арқылы болуы мүмкін деген пікір үстем. Көпшілік ғалымдардың айтуынша Америка мен Австралияға қоныстану біздің заманымызға дейін 20-30 мың жыл бұрын, кейбір ғалымдар, түркі тілдес халықтардың бұл қоныс аударуын тіпті 50-100 мыңға шегертеді. Олай болса соңғы тас ғасырының адамдары түркі тілінде сөйлеген болып шығады ғой! Евроцентристер мен ұлы державалық шовинистік көзқарасты қолдаушы ғалымдарға бұл оларды есеңгірететін, есінен тандыратын «соққы» боп тиетіні ақиқат.

Түркілердің айқын ізі шумер тілінде де кездеседі. Б.з.д. V-III мың жылдықтарда Тигр мен Ефрат қос өзенінің төменгі аймағында шумерлердің елі орналасқан. XIX ғ. Аяғы XX ғ. басында шумерлердің сына жазуын кейбір ғалымдар дұрыс айырып оқиды. Шумер тілінде түркі тілінен енген өте көп сөздер бар екендігі анықталады. Белгілі лингвист И.М. Дьяконов- үндіевропалықтардың тілінің маманы, шумер тілінің түркі тілдерімен жақындығы туралы тіпті ойламаған да еді [Дьяконов, 1969].

Шумер сөздерін үндіевропалықтармен салыстыра отырып, ешқандай ұқсастықтың жоқ екендігін айта келе, шумер тілінің басқа тілдерге ұқсамайтынын, туыстығының анықталмағанын және оның басқа тілдерден бөлек тіл екендігін айтып, жетік тіл мамандары ретінде осы ерекшелікті түсіндіруге мүмкіндігі жоқ екендігін мойындайды.

Ал, болашағынан зор үміт күттірген жас тіл маманы, И.М. Дьяконовтың әдебиет институтындағы шәкірті-Олжас Сүлейменов шумерлердің сөздік қорында түркі тілінен енген кірме сөздердің мол екендігін дәлелдеп береді. Атышулы «Азия» атты зерттеуінде О. Сүлейменов ешқандай талас тудырмайтын, шумерлердің сөз қорынан 60 түркі сөздерін келтіріп, сенсация жасағанын барша жұрт біледі [Сүлейменов, 1975].

Түрік ғалымы Осман Недим Туна 168 шумер сөздерінің көне түркі сөздерінен бастау алатынын дәлелдеді. Мамандар

шумерлер кім Таяу Шығысқа, Қос өзенге қайдан келген, түркі тілінің мықты ықпалын қашан және қай жерде қабылдаған деген заңды сұрақтарға жауап іздей бастайды.

Мүмкін шумерлердің өздері ең басынан түркі тілінде сөйлеген шығар, олар Таяу Шығысқа түркілердің ата-мекені Еділ мен Жайық бойынан, Кавказ немесе Қазақстан мен Орта Азия арқылы келген болар деген болжам күн тәртібіне қойылады. Б.з.д. IV мың жылдықта Тигр мен Ефрат қос өзеніне, бұрынғы ата-мекені көне Тұраннан келіп, алғашқы қала өркениетін құрған шумерлер, өдерімен бірге қол жеткен жетістіктерінің үлгілерін алып келеді. Шумерлер Таяу Шығысқа қоланы жасауға қажетті шикізаттарды да бірге алып келуі мүмкін. Себебі Орта Азияда. Таяу Шығыста, әлемнің көптеген ай мақтарында қола шығаруға қажетті компоненттер кездесе бермейтін.

Белгілі лингвист Дьяконов, мағынасын түсіндіре алған шумерлердің сөз қорындағы көптеген сөздердің түркілердікі екендігі, шумерлердің өздерінің осы халықтарға жақындықтарын көрсетеді.

Әлемдегі алғашқы болып, соғыс арбасын шумерлердің ізашарлары-энеолит тайпалары жасағанын Сынтасты обасында табылған, б.з.д. III мың ж.ж. жататын олжа куә болары хақ.

Қазақстан территориясындағы көне дәуірге жататын жәдігерлерді тамаша білетін «Туран – колыбель древних цивилизаций» атты монографияның авторы А.К. Нарымбаева, бұлтартпайтын фактылармен, мысалдардың негізінде, түсінікті және тартымды тілмен, қазіргі Қазақстан территориясының, көне қалалық өркениеттің алтын бесігі болғанын, сонымен қатар, адамдардың да, табиғи апаттардың да, зиянды әсерінен аман қалған, тамаша сақталынған Арқайым қаласы оңтүстік Оралмен Қазақстанның кеңірек айтқанда Тұранның қола ғасырындағы тарихына, ғалымдарды жаңаша қарауға мәжбүр еткен әлемдік мәдениеттің, көне дәуірдің бәрегей ескерткіші болып табылатынын тамаша дәлелдеп берді [Нарымбаева, 2009, 156 б.].

Арқайым қаласы сол өңірдегі сақталынып қалған жалғыз қала емес екен. Археологтар өзен-сулардың бойында ұзыннан-ұзын созылып жатқан ара қашықтығы, шамамен 40-70 км.

Орналасқан тағы 21 қаланың қираған орындарын, көптеген заттардың қалдықтарын табады. Ғалымдар бұл алқапқа «Қалалар елі» деген ат береді. Шартты түрде Арқайым-Сынтас қала өркениеті деп атаған, бұл мәдениеттің уақыты – б.з.д. IV- II мыңыншы жылдар. Ғалымдардың айтуынша Арқайым-Сынтас мәдениеті әлемдегі ең көне мәдениет екен. Ол андронов мәдениетінен 1-2 мың жыл ерте пайда болған. Арайшылықтардың қалалық өркениетінің ізашары болып есептелетіне күмәніміз жоқ.

Арқайым қаласы, ел тұратын тамаша мекен ғана емес, жаулар ала алмайтын берік қамал да болған. Қамалдың сыртқы қабырғасының биіктігі 3,5-5 метр, қалыңдығы 4,5 метр болған. Қаланың сыртқы қабырғасының айналасынан тереңдігі 1,5-2,5 метр ор қазылып, ол орға су жіберілген. Қалада сумен жабдықтайтын жүйе, жиналған суды ағызып жіберетін құбыр, су тұндырғыш болған. Қала бір мезетте храм да, металлургтердің қаласы болып есептелген. Археологтар әрбір адамдар тұратын үйлерден металлдан және қыштан істелген пештерді, тамаша сақталынған құю қалыптарын, ұстаның құрал-саймандарының жиынтықтарын, қола және балшықтан жасалынған бұйымдарды: қола балталар, найзалар, пышақтар мен қанжарлар, жебенің металлдан жасалынған ұштары, әйелдердің әртүрлі әшекей заттары, тұрмыс заттары, еңбек құралдары және ауыздықтың түрлерін тауып алған [Нарымбаева, 2009, 31 б.].

А.К. Нарымбаева айтқандай Арқайым қала өркениеті аумағына, көне Тұранның тұрғындары- көне түкілердің (Орталық Қазақстан), Солтүстік және Шығыс Қазақстан, Алтай, Оңтүстік Қазақстан және Жетісу жерлеріде кіреді. Нақ осы Тұранда- көне түкілердің ата- мекенінде энеолит дәуірінде, адамдар алғаш рет жылқыны қолға үйретеді, бірінші боп дөңгелекті және соғыс арбасын, металлдың құпиясын жақсы білген тур тайпалары мысқа қалайыны қосып қоланы алады; Олардың қола және ертетемір ғасырындағы қол жеткізген жетістіктерін айтпағанның өзінде көне түкілердің (пратүріктердің) осы кездегі құндылықтарының бір өзі адамға өте мықты әсер қалдырады. Күн қаласы-Арқайымды, оның ғажайып қала өркениетін құрғандар шумерлердің (саг-гиг тайпаларының-Б.Қ.) ата-бабалары Тұранның (Қазақстанның)

энеолит тайпалары болуы әбден мүмкін. Саг-гиг тайпалары Таяу Шығысқа Қазақстан жерінен, түркі халықтарының жетістіктерін, құндылықтарын алып келгеніне сеніміміз мол.

Таяу Шығыстағы түркі ареалының болуын, осы жерде, сондай-ақ Кіші және Орта Азияда, біздің заманымыздан көп бұрын, кейбір географиялық объектілердің жалпы түрік аттарына ие болғанынан, кейініректе олардың кейбіреулері жеке өз аттарымен аталғанынан байқауға болады. Мәселен, қардан ағарып көрінетін жартасты ертеректе «Краукас» («ағарған жартасты таулар») деп атаған. Осыдан «Кавказ» шығады. Кейбір өзендерді гректер «Оксий» түркіше «Ақсу, таза су» деп атаған «Аракс» (арық,су), «Танаис» (тыныш су) деген мағына береді. Сөйтіп, ресми тарих ғылымының Алдыңғы және Кіші Азияда, көне түркі ареалы болмаған және алғашқы түркілер бұл маңға тек б.з. XI ғасырында ғана келді деген тұжырымның шындыққа мүлдем жанаспайтынына көзіміз жетті.

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге ден қойып талдау жасасақ түркі тілдері өздерінің лексикалық тамырымен ғасырлардың тереңдігіне кететінін байқаймыз, сондай-ақ көне замандағы түркі тілдес халықтар-практүркілер, бір-бірімен байланыссыз немесе өзара байланыста, біріңғай көне этномәдени қабатты құрап, әлемнің әр түрлі бөліктерінде

Тұрғанына куә боламыз. Энеолит, қола ғасырында, ертекөшпелілер дәуірінде (ерте темір немесе сақ-скиф дәуірінде), Ұлы Далада мекендеген тайпалардың, халықтардың о бастан түркі тілдес екендігін дәлелдейтін салмақты аргумент келтіруге болады. Грек, парсы, қытай көне еврей тілдерінде тайға таңба басқандай сақталынып қалған тайпа және кісі аттары: арий (түркі тілінде-«ар», «намыс», «аброй», «тазалық», «пәктік» деген ұғымды береді, тур-«туран», «түркі әлемі», «Түркістан», сайрим-«сарматтар», даха (даи)-«адайлар», сақ («қассак»-«нағыз сақ», иш-куз- (ішкі ғұз, «ішкі тайпа»); Таш-ғұз- («тысқары ғұз», «сыртқы ғұздар»); Ал, массагеттер, исседондар, аргиппейлер, аримаспылар тайпаларының түркі тектес екенін Геродот «Авеста», Фирдоуси («Шахнамэ») жазып кеткен; Үйсіндердің, қаңлылардың, ғұндардың түркі тілдес екенін Қытайдың Батыс өлкені (Сиюйді) арнайы зерттеген император ВУ-Дидің елшісі, миссионер Чжан-Цзянь және де

Сыма Цянь мен Бан Гу растайды. Кісі аттары олардың түркі екендігін скифтердің («ішкі-ғұздардың») патшасы-Ишпакай, оның немересі-Мәди, Солтүстік Қара теңіз жағалауындағы құл иеленуші Скиф мемлекетінің патшасы- «Атей» (б.з.д. IV ғ), Нұх пайғамбардың немерелері: Ашкеназ («ішкі ғұз»), Рифат және Тагарма (түркі тілдес хазарлардың ата-бабасы.-Б.Қ.); Бильгамеш-(«дана», «білімді», «білгіш»,- шумерлердің көсемі); Сақ мемлекетін құрған-Алп Ер Тунга(Арфасиаб, Мадай) (б.з.д. VIII ғ); және т.б.

ӘДЕБИЕТТЕР

Лайпанов К.Т., Мизиев И.М. О происхождении тюркских народов. – Черкасск.1993.

Киздарбеков Б.К. К вопросу об этнической принадлежности племен эпохи бронзы на территории Казахстана. // Қазақстан между Западом и Востоком. – Караганда, 2000. 62-70 б.

Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін: 5 томдық. – Алматы: Атамұра, 2010.

Каримуллин Абрар Тюрки и индейцы Америки – истоки происхождения. – Алматы. 2004. – 21-84 б.

Дьяконов И.М. Языки древней передней Азии. – М.,1969.

Сулейменов О. Азия. Книга благо намеренного читателя. – Алма-Ата, «Жазушы», 1975.

Нарымбаева А.К. Туран – колыбель древних цивилизаций. – Алматы, 2009.

Аннотация: В статье дается определение того, к какой этнической группе принадлежат племена арийцев, тюрков, хьонов, сайримов, дахи (даи) – распространители андроновской культуры. Автор включает в научный обзор некоторые данные тюркского языка коренных энеолитических племен, которые первыми в мире создали бронзу на основе меди и олова, встречающихся в изобилии.

Ключевые слова: андроновская культура, бронзовый век, энеолит, Аркаим

Annotation: The article defines to which ethnic group the tribes of Aryans, Turks, Khyons, Sairim, Dahi (Dai) – the distributors of

Andronovo culture belong. In addition, we are talking about the inclusion in the scientific review of the Turkic language of the indigenous Eneolithic tribes, who were the first in the world to create bronze based on ores – copper and tin, which are found in abundance.

Keywords: Andronovo culture, Bronze Age, Eneolithic, Arkaim.

Ломан Валерий Григорьевич,
Бедельбаева Марина Васильевна

Карагандинский университет Букетова
г. Караганда, Казахстан; lvg7@yandex.ru, bmv_1967@mail.ru

Вклад В.В. Евдокимова в археологическую науку Казахстана

Аннотация: Статья посвящена обобщению научных взглядов известного учёного, доктора исторических наук Валерия Валентиновича Евдокимова (1942–2021 гг.). Выпускник Уральского государственного университета, он уже в студенческие годы увлекся археологией и участвовал в раскопках памятников Урала и Западной Сибири, где его наставником был выдающийся ученый В.Ф. Генинг. В конце 60-х гг. XX в. В.В. Евдокимов организовал Кустанайскую археологическую экспедицию, а начиная с 1978 г. руководил археологической экспедицией Карагандинского университета и изыскания стали проводиться в пределах степной зоны Центрального Казахстана, что позволило внести большой вклад в изучение древнейшей истории региона. Многие ключевые открытия (ямное погребение в могильнике Карагаш, уникальное погребение могильника Сатан с остатками деревянной колесницы и др.), а также планомерные исследования поселения Кент были осуществлены именно в этот период. Созданная В.В. Евдокимовым модель исчисления палеодемографических переменных позволила сформировать целостное видение социальной истории общества эпохи бронзы, а введение ученым в научный оборот понятия «историческая среда»